

төртатыраптың бағытын білдіреді. Көшпенділер шаңырақ арқылы күн сәулесінің киіз үйдің ішіне түсуіне ерекше мән берген. Сондықтан да болар, жаңа түскен келін күн шықпай тұрып, күннің шығуымен бірге шаңырақүстіндегі түндігін түсіруге міндетті болған. Сондай- ақ, егер киіз үйге жоғарыдан төмен карасаныз, онда шаңырақ күнге, ал уық- керегелері оның сәулелеріне ұқсас. Халық санасындағы нұр жауып тұрған аспанға ұмтылуидеясы киіз үй құрылысынан да өз көрінісін табады.

«Отбасы» концептінің өрісі қазақ тілінде кең болуымен қатар, олардың қоғамдық санада алар орнының басымдығы да айқын мәселе. Мақалада көрініс тапқан концептілік өрістердің халық тұрмысында, қоғамдық өмірде болып жатқан жағдаяттарға себепкерлік тұрғыдан қарағанда әлеуметтік және де қоғамдық қатынастардың өзіндік жүйемен дамуы осы халық данылығынан туған, халық тарихымен тығыз байланысты тілдік бірліктерде айқын көрініс табатындығын аңғару қиын емес. Оған зерттеу барысында да көз жеткіздік. «Отбасы» феномені көпқырлы және көпмағыналығымен сипатталатындығын, оның бинарлы феномен екендігін, ал оны қарастырудың екі тәсілі (күрделі ішкі құрылымы бар әлеуметтік институт болып келетін макроорганизм ретінде; туыстық, некелік немесе ата-аналық қарымқатынастардың негізінде құрылатын кіші топ ретінде) барлығы аталды. Лингвомәдени және когнитивтік зерттеулердің ұштасу нәтижесіндегі «отбасы» концептісін ашудағы рөлі қарастырылып, тіл мен мәдениеттің өзара байланысы лингвомәдениеттану атты жаңа ғылымның қалыптасуына, ал тіл мен ойлау үдерісінің өзара байланысын зерттеу когнитивтік лингвистика ғылымының қалыптасуына әкелді. Лингвомәдениеттану мен когнитивтік лингвистиканың методологияларының ұқсастығын аталып, екі ғылыми саланың негізгі бірлігі концепт (лингвомәдени немесе мәдени концепт; когнитивтік концепт) екендігі айқындалды. Адам мәдениеті мен санасында ең маңызды да өмірлік концепттер, туыстық компоненттер болып келетін отбасы / үй / шаңырақ / отау / босаға концептері гиперконцепттер екендігі айқындалды. Сонымен қатар «отбасы» концептінің өрісі негізінде халық тұрмысы мен мәдениетіне біршама шолу жасалынды. Бұл тілдік бірліктердің халық тарихы мен мәдениеті, дүниетанымы мен әлемнің тілдік бейнесіндегі орнын көрсететін факторлар.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Момынова Б. Тілдегі жаңа бағыттар мен типтік қатынастар: оқу құралы / толықтырылып екінші басылуы. – Алматы: Арыс, 2012. – 176 б.
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
3. Арғынбаев Х.А. Қазақ отбасысы. Алматы: Қайнар, 1996. -288 с.
4. Мукушева Гульмира Амангельдыевна, Рыспаева Д.С. «Отбасы» концептінің лингвомәдени сипаттамасы
5. Ислам А. Ұлттық мәдениет контекстіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы-салғастырмалы лингвомәдени сараптама): Фил. ғыл. д-ры дис. 10.02.02. – Алматы. 2004. – 340 б.
6. Исаева Г.С. Киіз үйге қатысты атаулардың этномәдени негізі. – Алматы, 2008. – 31 б.
7. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 6-том: Ж-Ж / құрастырғандар: Ж. Қоңыратбаева, Ғ. Қалиев, Қ. Есенова және т.б. – Алматы: Арыс, 2007. – 752 б.
8. Қазақ тіліндегі «отбасы» концептісі және концептілік өрісі / Мәжит Б. – Алматы, 2017

## Нығыметуллина Айым Ғарифоллақызы

[garifullaevna03@mail.ru](mailto:garifullaevna03@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің 6В01717-«Қазақ тілі және әдебиеті» мамандығының 2-курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі- Сарекенова Қ. Қ.

«Колоративті лексика» тіл білімі саласында қарастырылатын маңызды мәселелердің бірі болғандықтан, қоршаған ортадағы әрбір түс атауларының шығу тарихын, маңызын, түстердің тікелей мәдениетпен, салт-дәстүр, әдет-ғұрпымен байланысын танып-білуімізге оң ықпалын тигізеді.

**Колоративті лексика** – қазақ тіл білімінде ерекше назарға ілінген мәселелердің бірі. Ғалымдар түр-түс атауларын адамның тану әрекетімен, мәдениетімен, сол халықтың өзімен байланыста қарап, түр-түстану деген бір саланың негізін қалап, тың зерттеулер жүргізіп жатыр. Әр халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан сарқылмас қазынасы болып табылатын өзіндік тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы бар. Міне, осы мәдениетті, тарихты, дәстүрді түр мен түссіз елестету мүмкін емес.

Түр-түстердің шығу төркіні жайлы мәселеге байланысты ғалымдар тарапынан әр түрлі көзқарастар айтылып, қилы-қилы болжамдар жасалған еді. Ғалымдардың кейбіреуі түр-түстерді қытай сөзінен алынған десе, кейбіреуі монғолдан кірген кірме сөз, кейбіреуі өзіміздің түркінің төл сөзі деген пікірді білдірген еді. Әрбір тілдегі түр-түске қатысты атаулардың баршасы ұзақ тарихи жолдардан өтіп дүниеге келген қалыптасқан, бүгінгі дәрежесіне жеткен.

Түр-түс атауларының басым көпшілігі көне замандардан келе жатқан түркі тілдеріне ортақ дүние болғандықтан, олардың тіл біліміндегі зерттелу тарихында да белгілі ортақтық жоқ емес. Осыған орай, түр-түс атаулары жиырмадан астам түркі тілдерінде лексика-грамматикалық және этимологиялық тұрғыдан зерттелген, анықталған және белгілі дәрежеде жүйеге түскен категория. Алайда, түр-түс проблемасын жан-жақты, түркі тілдерінің фактілері негізінде тұлғалық, мағыналық ерекшеліктерін аша отырып, арнайы зерттеген еңбектер баршылық. Біз А.Н.Кононовтың «Семантика цветообозначения», «Способы и термины определенной стран света у тюркских народов», «О семантике слов «кара», и «ак» в тюркской географической терминологии» дейгін зерттеулерін, шетел тюркологтарынан В.Банг, А.Габэн, Л.Цитаутас, А.Джафаноғлу, Дерфер, т.б. еңбектерін атауға болады. Түр-түс атауларын орыс тілі бойынша арнайы Н.Б.Бахлина, Васильевич, Е.М.Вольф, Л. И. Грановская, Н.Д.Нюберг, Р.М.Фрумкина, А.В.М.Михеев, Ф.Н.Шемякин т. б. зерттеді [2, 39].

Ал, қазақ тіл білімінде түр-түс мәселесін зерттеуде зор үлесін қосқан М. Қашқаридің «Түрік сөздігін», Ә.Қайдаров, З.Ахтамбердиева, Б.Өмірбековтің «Түр-түстердің тілдегі көрінісі», «Сырға толы түр мен түс», Н.Аитова, Ұ.Серікбаева сынды ғалымдардың еңбегін атауға болады [2, 68].

Мағжан өлеңдеріндегі түстердің көрінісі. Мағжан Жұмабаев өзінің қысқа өмірінде нағыз поэзия биігіне самғаған, оның асқар асуларынан өтіп бойға қуат, ойға нәр алған біртуар, әмбебап зиялы қайраткер. Мұхтар Әуезов: «...Мағжанды сүйемін. Европалығын, жарқыраған әшекейін сүйемін. Мағжан - культурасы зор ақын. Сезімі жетілмеген қазақ қауымынан ертерек шыққандай, бірақ, түбінде әдебиет таратушылары газетпен қосақталып, күндегі өмірінің тереңнен терген ақын болмайды, заманнан басы озық, ілгерілеп кеткен ақын болады...» [6, 61].

Э.Б.Тайлор: «Кейде ақын өз ортасының қайшылықты оқиғаларынан шаршайды, сол кезде қиялымен балалық шағына оралады, табиғат құбылысы басқаша әсер береді. Табиғатта заттардың бәрі оның қайғы-мұңын түсініп, оған жаны ашитындай, онымен сырласатындай сезіледі. Ақын қиялында соларға жан бітіріп табиғат көріністерінен образ туады» дейді. Шынымен де, ақынның суреткерлік қасиеті өте шебер дамыған. Оны әрбір өлеңдерінен байқауға

да болады. Сан алуан түстер қосып, өлеңдеріне жан бітіре алатын дара тұлға деп білемін» [3, 32].

Кесте 1- Мағжан Жұмабаевтың өлеңдерінен түр-түстерге байланысты мысалдар

<p>«Ақ» түсі 1. <u>Жаңадан табылған өлеңдерінен:</u> «Жас Мағжанға» атты өлеңінде: «...Мен туғанда ақын ағам келді де, Келіп, маған ақ батасын берді де...» 2. «Толған ай» атты өлеңінде: «...Ажары ақ жамбыдай сұлулардың Жалғанда тіпті кетпес көркі асып..»</p>	<p>«Сары» түсі 1. <u>«Гез барам» атты өлеңінде:</u> «...Қыранымның сары сайран даланың, Қос қанатым-алтын Алтай, Оралым..» 2. <u>М.Жұмабаевтың жарияланбаған өлеңдерінен:</u> <u>«Жұмбақтар» өлеңінде:</u> «...Жүреді аяғы жоқ арға теліп. Жаз болса, сары қымыз сапырулы..»</p>	<p>«Сұр» түсі 1. <u>«Орамал» атты өлеңінде:</u> «... Солдатша сымдай киініп, Шекпені оның сұр ма екен?..» 2. <u>«Сүйемін» атты өлеңінде:</u> «Күлдей күнгірт шашы бар, Тоқсан бесте жасы бар, Көз дегенің – сұп-сұр көр..»</p>	<p>«Қызыл» түсі 1. <u>«Бұлбұл» атты өлеңінде:</u> «... Жүз құбылт дауысыңды, өрте өзегін, Өртенсін, қызыл жалын қыл төсегін...» 2. <u>«Туанның бір бауында» өлеңінде:</u> « ... Бөрік киген бұйра сенсең қара ағашы, <u>Алқызыл</u> алқа киер алма ағашы..»</p>
<p>«Жасыл» түсі 1. <u>«Тілегім» атты өлеңінде:</u> «...<u>Жасыл</u> шешек, қызарған гүл солмаса Қаны қашып, көркі бітіп, қуарып..» 2. <u>«Айға» атты өлеңінде:</u> «... Кең дала, көресің ғой, ана жақтан Жібектей <u>жасыл</u> шөптер бетін жапқан..»</p>	<p>«Қоңыр түсі» 1. <u>«Сәлем хат» өлеңінде:</u> «..Арқамды аңсап, қар қаладан шығармын, <u>Қоңыр</u> жырмен соңау <u>қоңыр</u> іңірдей..» 2. <u>«Еділде» өлеңінде:</u> «..Толқынға қарап мен тұрмын <u>Қоңыр</u> оймен қамығып...»</p>	<p>«Көк түсі» 1. <u>«Орал тауы» атты өлеңінде:</u> «...Таласқан аспанменен <u>көкпеңбек</u> тас, Қарасаң төбесіне, айналар бас..» 2. <u>«Сүйемін» атты өлеңінде:</u> «...Көзінде <u>көк</u> нұры жоқ, Аузында жұмақ жыры жоқ...»</p>	
<p>Ескерту – [5] дереккөз негізінде құрастырылған</p>			

«Ақ» түсі. Ақ сөзі түркі тілдерінде ақ//ах//ағ//а: қ формасында қолданылып, бір-біріне жақын үш топ мағынаны аңғартады: 1) «ақ» деген негізгі түстік мағына («белый»); оның төңірегіне: ақшыл, көздің ағы, т.б. мағыналар туған; 2) «ақ» сөзінің ауыс мағыналары: кіршіксіз таза, кінәсіз, ақжүрек, адал; 3) керемет, тамаша, ғажайып. Ақ сөзінің этимологиясы жөнінде, оның заттық не түстік негізі жайында ХХ ғасырдың өзінде-ақ түркологтар арасында әр түрлі пікірлер қалыптасты. Э.В.Севортян «аға» және «әке» деген туыстық атаулардағы екі сөздің де негізі «ақ» – «оқ» (қартау) етістігінен өрбіген дегенді айтады. Жалпы сүт тағамдарын білдіретін ақ атауы (қымыз, сүт, шұбат, құрт т.б.) ақ етістігі негізінен өрбігенін аңғаруға болады.

Оған дәлел «ақ» – ағу, жоғары-төмен жылжу, құйылу» мәніндегі етістік. Сүттің төмен сауылып, сорғалап құйылады. Әрі өзі де ақ, басқа реңкі жоқ, өзгермейтін ақ түсті ақ атау да көңілге қонымды. Көне түркі тілінде «үрүн» атаудың тілден ығыстырылып шығуына да ақ сөзінің конверсиялануы әсер еткен. Көне мұраларда кездесетін «таң ағару» тіркесіндегі «ақ» жоғары көтерілу, «таң көтерілу» мағынасын беретін ақ – етістігінің әр түрлі сапада жеткендігін ғалым Б.Сағындықұлы дәлелдейді.

Тарихшы-ғалым Х.Көктәнді «ақ» сөзінің ежелгі нұсқасы ретінде «су» сөзіне де үлкен мән береді: «Су – ақ деген сөз. Судың ақ деген мағынаны білдіретінін көптеген деректер айғақтайды. Жапондарда да су дыбысталуы ақ мағынасын білдіреді екен. Бұл өзеннің ежелгі аты – «таза ақ құндар өзені» деген мағына берген. Енді бірқатар ғалымдар Қ.Ғабитханұлы, Т.Жанұзақов «ақ» сөзінің шығу төркінін «ай» космонимімен сабақтастырып, оның фонетикалық өзгерісінің схемасы а<sub>ja</sub>>а<sub>ja</sub>>а<sub>j</sub> болуы мүмкін деп болжайды. Мұның дәлелі ретінде түркі тілдерінде үнемі қолданылатын «ай йүзлүк» тіркесінің мағынасына тоқталады. «Ай» атауын «ақ» сын есімімен байланысты қарауының негізі бар. Сөздердің тілдегі қолданысы мен оның беретін мағынасына қарасақ, расында да «ай» атауы о баста заттың сын-сипатын білдіретін сөз болғанға ұқсайды. Қазақ тіліндегі айдын, айқын сөздері «ай» түбір сөзінің негізінде жасалған [8, 88].

«Сары» сөзі. «Сары» сөзі жер-су атауларымен тіркескенде «сар» тұлғасында қолданылатынын байқау қиын емес. Топонимист Е.Қойшыбаев «сар» сөзі топонимдік атаулармен тіркескенде көбінесе «айқын, кең, негізгі, басты» деген мағынада жұмсалатынын айтады. Ал академик Р.Сыздықова «сары алтын» тіркесіндегі *сары* сөзінің мағынасы *қоспасыз, таза*, ал «сары уайым» дегендегі «сары» сөзі парсы тілінде *уайым, қайғы* екенін айта келіп, «сары уайым» тіркесі бір мағыналы екі сөздің қабаттаса айтылуынан пайда болып, бала-шаға, бекер-босқа сияқты бір сыңары парсыша – уайым (сар), екіншісі – қазақша уайым сөзінен жасалған плеонастық тіркес болып табылады», – дейді [3, 97].

Алайда зерттеуші Р.Лауланбекова: «Сары уайым» тіркесіндегі «сары» сөзі түсті білдірмейді, плеонастық тіркес те емес. Себебі, «сар(ы)» сөзінің түркі тілдеріндегі бір мағынасы – «шын», «нағыз». Е.Қойшыбаевтың «сары» туралы «айқын», «анық көрінген», «басты» деуі қисынды. Осыған орай «сары уайым» – «негізгі, анық уайым», ал «сарыла күту» – «шыдаммен, нағыз күту» дегенге саяды», – деген ойын білдіреді [9, 12]. Сонымен қатар «сары» сөзінің «нағыз, таза» деген мағынасының барлығын тарихшы-ғалым Х.Көктәнді де *сары* сөзіне берген талдамасында анықтайды. Ғалым *сары* сөзінің түбірін *sa/so* деп бөліп алып, «са» түбірі *дала* деген ұғымды білдіретінін айтады. Кейбір тарихшылар *сары ұйғыр* дегенді *көне ұйғыр* ұғымын береді деген пікір айтады. Бұл асылы, *таза далалық ұйғыр* деген сөз. *Ра – таза, шын* деген сөз. *Со – дала, со* сөзі, *салқар (с//ш)*, *сақара* деген сөздердің түпкі буынында сақталған. *Сайын* сөзі жеке тұлғасында ұғынықсыз болған соң, кейін халықтың өзі *сайын дала* деп калькалық тәсілмен көшірме аударма жасаған. Осы күнге дейін бұл екі сөз қосарланып айтылады [2,66].

Сұр сөзі туралы. Сұр сөзінің табиғаты онша анық емес. Дегенмен оның тұлғасына және мағынасына қарап бірнеше жорамал айтуға болады. Қазақ тілінде сұр, қарақалпақ тілінде сур, башқұрт тілінде хоро, алтай тілінде боро, ноғай тілінде куба т.б. Осыған қарап отырсақ, боз бен бор//бора//боро, сондай-ақ сұр//сур//сара//хоро және қу//қуу//құба//куба сөздері мағыналас. Сұр сөзінің шығу төркініне келсек. Тұлға мен мағына жағынан жақын тұрған тұрған сұр//сур//сара//хоро сөздері төркіндес деп қарап, оны фонетикалық заңдылықтарға сүйене отырып, дәлелдеуге болатын сияқты. Мәселен, о бастағы бір буынды сөздің кейде ашық, кейде жабық буын болуы ықтимал. Сонда чуваш пен башқұрт тілдеріндегі сара мен хора сөздерін сұр сөзінің ашық буынды варианты деп қарауға болады [2,128].

«Алқызыл» түсі жайында. Бұл сөз *ал* және *қызыл* деген сөздерден құралған. «Ал» сөзі қазіргі кейбір түркі және кейбір көне түркі жазуларында *ашық қызыл* деген мағынада жұмсалады. Парсыша *ал* сөзі солғын қызыл мағынасында жұмсалады. Н.К.Дмитриев орыс тіліндегі *алый* сөзінің түркі тілдерінен ауысқан сөз екендігін айта келіп, М.Қашқариден және қыпшақ ескерткіші «Кодекс-куманикустен» XIV ғасырдан бастап бұл сөздің көптеген түркі тілдерінде бар екендігін көрсетеді. Орыс тіліне қай жерде, қай кезде енгендігін тап басып айту қиын, дегенмен бұл сөз Алтын Орда жерінде болған болу керек, өйткені мұндағы *ал-тамға*-«ашық қызыл таңба» хан жарлығының бір белгісі болған дейді [10,68]. Осыған орай *ал* сөзін түркі тілдерінің *өз төл* сөзі деп қарауға болады. Бұның екі түрлі негізін академик Ә.Қайдар былайша дәйектейді: «Біріншісі – *ал* сөзінің бүгінгі түркі тілдерінің көбінде-ақ жеке-дара күйінде де, күшейткіш элемент күйінде де қолданылуы болса, екіншісі – орыс, тағы басқа славян тілдеріндегі «алый» сөзінің түбірі «алды» мамандардың барлығы бір ауыздан түркі тілдерінен енген кірме сөз деп есептейді» [4,202].

«Жасыл» сөзі. *Жасыл* түс атауының да түбірін *жас* деп тануға болады. Мұнда да о бастан заттық не сындық, сипаттық мағына болған. *Жас* сөзінің бастапқы мағынасы «жаңа шыққан көк, өсімдік, көкөніс» деуге болады. Әзербайжан тілінде *йаш* — «дымқыл», «сулы», «көк» деген мағына берсе, ұйғыр тілінде *көк* - *яш*, *қыл-яш* деген күрделі сөз құрамындағы «яш» та сол мағынада қолданылады. Н.Қарашева: «Жас сөзінің... бастапқы мағынасы «жаңа шыққан көк өсімдік» деп ұйғаруға болады. «Жас» сөзінің жаңадан көгеріп шыққан өсімдікті білдіретін мағынасы жаңа өсіп келе жатқан балаға, одан кісінің өмір сүрген жыл санына ауысқан. Көк өсімдіктің дымқыл, ылғалды болуымен, әсіресе таңертеңгі шық түскен кездегі күйімен байланысты, бұл сөз «көз жасы» деген ауыспалы мәнге ие болған тәрізді», – деп көрсетеді. Яғни, *жасыл*, *адамның жасы*, *жаңа өсіп келе жатқан* балаға байланысты айтатын *жас* сөзі шығу тегі бір, яғни гомогенді омоним (гомогенді омоним деп – «о бастағы бір сөздің мағыналық дамуы нәтижесінде туындап, арақатынасы алыстап, бара-бара екі сөзге айналып кеткен лексемалар» деп айтуға болады [2,52].

«Қоңыр» сөзі. Қоңыр сөзінің пайда болу табиғаты жоғарыда аталған түр-түстерден өзгеше болып келеді. Топонимист-ғалым А.Әбдірахманов қоңыр сөзін монғол тіліндегі хонхор, хонхур (ой, шұңқыр, үңгір, сай, жыра) сөзінің дыбыстық тұрғыдан өзгерген түрі деп қараған. Бұл пікірді А.Жартыбаев та қуаттап, Қарағанды облысындағы Дарақоңыр орониміндегі қоңыр сөзін монғолдың хонхур сөзі дей отырып, Дарақоңыр оронимінің мағынасын «бөлек, дара тұрған сайлы, жыралы төбе» деп санайды. Біздіңше, бұл алтай тілдеріне ортақ сөз [4,186].

«Көк» сөзі. Көне түркі тілдерінде «көк» сөзінің бір мағынасы «тамыр», «көкян» қазіргі түркі тілдерінде «тамырлас» ұғымын береді. Яғни, көне түркіде туыстық мағынада қолданылған. Мысалы, М. Қашқаридағы: «Көгің кім?» деген сұраудың мағынасы – «Шыққан тегің қандай?». Бұл еңбекте «көке» деген туыстық атау да кездеседі. Түсіндірме сөздікте тағы бір мағынасы көрсетілген: «Бір нәрсенің ең зоры, мықтысы, бәрінен асқаны». Бұл тіркес туыстық атауды білдірумен қатар «тірек», «демеуші» деген мағынада да жұмсалады. Мысалы, көкесін көзіне көрсетті – сазайын берді; көкесін таныта істеді – жамсата істеді, қирата, опырып-жапырып істеді. Яғни, көне түркілік мәні сақталған [1,56].

«Табиғаттағы түр-түстің барлығы әрқашан да бір заттың, құбылыстың түрін, түсін, өң-реңкін, сыртқы сипатын ғана анықтаумен шектелмейді. Сонымен қатар түр-түс атаулары мүлдем түр-түске қатысы жоқ, не одан бүгін де тым алыстап кеткен ұғым-түсініктерді, мән-мағыналарды білдіреді. Солардың бірі – түстердің символикалық қасиеті. Символика о баста көне гректердің символ сөзінен шыққан, бүгінде әр түрлі идеяны, түсінікті, ұғымды, ойды, сезімді, іс-әрекетті білдіретін шартты белгілердің жиынтығы деген мағына береді. Түр-түстердің де қоғам өмірінде, халықтың дәстүрі мен әдет-ғұрпында, салты мен санасында, белгілі этностың, тіпті жеке адамдардың түсінігінде де осындай символикалық мәні барлығы

байқалады. Түр-түс табиғатына тән бұл қасиетті білу кімге болса да қызықты» [2,68]. Түр-түстің білдіретін мағыналары туралы Ә. Марғұлан былай деп жазды: «Көк түс – аспанның символы, аспанға құлшылық етудің символы; қызыл – от, күн; ақ – шындық, қуаныш, бақыт; сары – ақыл; кара – жер; жасыл-көктем, жастық».

«Ақ» түсі – қайырымдылық пен пәктіктің түсі. «Ақ» деген жағымсыз бейнеде де қолданыла береді. Мысалы: аққұс, ақсайтан – жеңілтек, ұшқалақ деген сөз. Ақсаусақ – еңбек етпейтін, ақкөз – тас жүрек, ақсирақ – жұт, жоқшылық сияқты теріс, қолайсыз жайларды көрсетеді. «Сары» түсінің символикасы – уайым, сарғаю, сағыныш. «Сұр» түсінің символикасы – тыныштық, құмарлық. «Қызыл» түсінің символикасы – жастық, сұлулық, әдемілік, нәзіктік, сыпайылық, өткірлік. «Жасыл» түсінің символикасы – жаңарудың, гүлденудің, жақсылықтың нышаны. «Қоңыр» түсінің символикасы – тұрақтылық, беріктік, жайлылық. Қоңыр жел, қоңыр кеш, қоңыр күз, майда қоңыр – жайлы, ұнамды дегенді білдіреді. «Көк» түсінің символикасы: Ғалымдардың пікірі бойынша көк сөзі синкретикалық түбір. Академик Ә. Қайдар: «Алғашқы адамдар көк күмбезін оның түсіне қарап, «көк» деп атап кетуі қаншалықты заңды болса, керісінше, жер бетіндегі көк түсті заттардың бәрін аспан түсімен салыстыра отырып, жалпылама «көк» деген түр-түс атауын жасап алуы да мүмкін ғой» – дейді. *Көк* пен *Тәңір* аспан мағынасындағы синоним сөздер болып табылады. Бұған дәлел ретінде түркінің ұлы ғалымы М.Қашқари сөздігінде көктің бірнеше мағынасы берілген, соның бірі – *аспан*. Ал осы сөздікте *тәңір* номинативінің мағынасы да *аспан* деп көрсетілген [1,103].

Бұл ғылыми мақаланы жазуға іздену барысында бүгінгі күнде аса маңызды мәселе болып саналатын «Колоративті лексика» саласын танып-білу, зерттеу барысында біршама іргелі жұмыстардың жүргізілгеніне көз жеткіздік. Түр-түс мәселесінің зерттелуі, оның дамуы жайында құнды деректермен танысып, ғылыми еңбектердің алатын орны, маңызының жоғары екендігін білдік. Қазақ тіл білімі саласында, осы тақырыпты жан-жақты зерттеп, талдау жұмыстарын жасаған Ә.Қайдаров, З.Ахтамбердиева, Б.Өмірбеков, Н.Аитова еңбектері аса құнды. Әрине, сөздердің шығу тарихын, этимологиясын М.Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегін атамау мүмкін емес.

Түстердің символикасы жөнінде ғылыми негізде дәлелдеуге көңіл бөлініп, бұл мәселе зерттеу еңбегімізде көптеген деректер, талдау-саралау негізінде жан-жақты сөз етілді. Түстердің қоғамдағы маңызының аса жоғары екенін түсініп, тарихы жөнінде толық ақпараттар қарастырылды. Түр-түстер адамның өмірінде елеулі рөл атқарады. Себебі, табиғат пен тұрмыста сан құбылып, құлпырған ғажайып түр мен түстің, бояулардың молдығы өмірімізді әшекейлендіре, айшықтандыра түседі, көңіл күйімізге әсер ететінін білеміз. Түр-түс табиғатын танудағы біздің қол жеткен табыстарымыз, әрине, бір кездің, не бір кезеңнің ғана нәтижесі емес. Бұл құбылысқа түптеп қарасақ, тамырының тым әріде жатқандығын, тіпті ол адамзаттың сонау балаң дәуірінен басталатындығын білдік.

Қорытындылай келгенде, соңғы кезеңдерде түр-түс атаулары тақырыбы көптеген зерттеушілердің назарын аударып отыр. Өйткені түр-түс атаулары – әрбір халықтың өз игілігі. В.А. Московичтің көрсетуінше, түр-түс атаулары лейтмотивті сипаттағы, әрбір ұлттың әлемнің бейнесін пайымдауындағы эмоционалды образға ие, сонымен қатар дербес авторлық дүниетанымды көрсететін үлкен категория» [9, 84 б.]. Шын мәнінде түр-түс атауларын білдіретін сөздер әр тілде де болсын, күрделі және көп деңгейлі түс символикасын білдіретін ауқымды ақпараттық әлеуетке ие болып табылады.

Осыған байланысты бұрын түр-түс атаулары тек лексикология, семасиология саласында тақырыптық топ көлемінде қарастырылып келсе, кейінгі жылдары бұл мәселе тілралық коммуникация, концептология, когнитивті және антропоцентрлік лингвистика, психолінгвистика салаларының шеңберінде де кеңінен талдауға түсе бастады. Сол себепті, жан-жақты зерттеліп келе жатқан бұл түр-түс мәселесін одан әрі дамытып, түстердің ежелгі

заманнан бастап, бүгінгі күнге дейінгі тарихын, символикасын ашып көрсететін қазақ тілінде жазылған еңбектерді көбейтуді қолға алу керек деп санаймын.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қашқари М. «Түрік сөздігі». 1-том/Аударған А. Егеубай. – Алматы, 2017. – 592 б.
2. Қайдар Ә., Өмірбеков Б., Ахамбердиева З. Сырға толы түр мен түс. – Алматы, 1986. – 95 б.
3. Қайдар Ә., Өмірбеков Б., Ахамбердиева З. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. – Алматы: Ана тілі, 1992 – 160 б.
4. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 308 б.
5. Жұмбаев М. Өлеңдер, дастандар. 1-том\_ Алматы: Жазушы, 2013. – 376 б.
6. Бектурбекова Ф.Қ. Ұлы тұлғалар. – Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2001. – 175 б.
7. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: Мектеп, 1980. – 125 б.
8. Хасенов Б.Р., Әділова А.С. Түр-түс атауларының шығуы. – Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
9. Әділова А.С. Көркем мәтіндегі колоративтер символикасы. – Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, Филология сериясы. – 2012. – №3 (41).
10. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1966.
11. Қалиев Б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2014. – 728 б.

ӘОЖ 82.0

### НАРРАТОЛОГИЯ ІЛІМІ: ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР, ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Нажкенов Айдын

[nazhkenovaidyn@mail.ru](mailto:nazhkenovaidyn@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекші – С. Айтуғанова

Қазіргі әдебиеттану ғылымында көркем мәтіндегі баяндауды зерттеуге негізделген нарратология бағыты ерекше маңызға ие. Бұл бағытқа қызығушылық В.Шмидтің 2003 жылы «Нарратология» кітабы шыққаннан кейін күшейе түсті [1], Батыстағы және Ресейдегі баяндау теориясының негізгі дамуы жүйеленген және нарратологияның негізгі категориялары мен ондағы бар баяндау типологияларын негіздеуге осы еңбек мүмкіндік берді.

Жалпы, зерттеушілер атап өткендей, нарратология ғылымының дамуына көптеген ғалымдардың баяндау теориясы аясындағы еңбектері әсер етті. Олар орыс формалисттері: В.Пропп, В.Шкловский және Б.Эйхенбаумның идеялары; М.М.Бахтиннің диалог принципі, П.Лаббок пен Н.Фридманның әңгімелеу техникасының англо-американдық индуктивті типологиясы; Э.Лейбфрид, В.Фюгер, Ф.Штанцель және В.Кайзердің неміс тілінде сөйлейтін комбинаторлық типологиясы; О.Людвиг, К.Фридеманның еңбектері. Чех структуралисті Л.Долежелдің және орыс зерттеушілері Ю.Лотман мен Б.Успенскийдің концепциялары нарратологияның қалыптасуына айтарлықтай әсер етті. Р.Якобеонның, француз структуралистері К.Леви-Стросстың, Р.Барттың, А.Ж.Греймастың, К.Бремонның, Ц.Тодоровтың, Ж.К.Коке, П.Рикердің, Ж.Пуленің герменевтикалық және феноменологиялық теориялары; В.Изердің, Х.Р.Яусс, оқырман қабылдау теориялары; Ж. Дерриданың, П.де Маннның постструктуралистік және деконструктивтік теориялары, т.б. осы салаға байланысты еңбектері орасан. Нарратологияның басты өкілдері ретінде келесі есімдерді атауға болады: Ж.Женетт,